

Сабақтың тақырыбы:
Тарихи шығарма

Жаңа сөздермен жұмыс.

- Биік белес – высокий результат
- Қаламгер – писатель, литератор
- Тұтқын - плен
- Сахналау- постановка
- Қызмет ету – служить
- Үлес қосу – внести долю
- Шиеленісті шешу – решить конфликт

1-тапсырма.

Мәтінді оқып, аударыңыздар.

Мәтін бойынша 5 сұрақ дайындаңыздар.

Қазақстандық кинематография тарихы «Көшпенділер» фильмімен толыққаннан кейін, бірнеше отандық каскадерлер тобы қалыптасты. Олар ат үстіндегі қимылдар мен сайыстарды жасауда өзіндік жетістіктерге жетіп жүр. «Қазақ хандығы» сериалында Жайдарбектің тобы жұмыс жасады. Олар бүгінде үлкен жобалармен шетелдік телесериалдарға түсіп жүр. Жайдарбек актерлерге атқа мінуді, ат үстінде найзаласуды, қылыш сілтеуді, садақ атуды үйретеді. Ал сериалдағы қалың жасақ мінетін аттар мен жылқыға қатысты көп көріністер жылқы ұстайтын қазақ аулында түсіріледі.

Бұдан бөлек, монтаждау жұмыстарын да елде жасаймыз. «Елбасы» жобасын жасаған кезде біраз техника мен тәжірибе жинақтадық. Кезінде «Көшпенділердің» монтажын шетелдік мамандар жасаған. Одан бері талай қазақ баласы киномонтаждау техникасын игерді. Бұл жолы барлық жұмысты қазақ монтажерлері жасайды. Кезінде «Сталинге сыйлық» фильмін монтаждағанда француздың режиссерін шақыртқанмын. Сол кезде Ғалымжан Санбаев деген жігітті шақырып, «француздың қасында көмекші болып, монтаждау технологиясын үйрен, сен де үш-төрт жылда сол деңгейге жетесің» деп, режиссерге ассистент ретінде қасына қойған едім. Айтқанымдай, Ғалымжан Қазақстандағы кәсіби біліктілігі жоғары азғантай ғана мамандардың бірі болды. Қазір осындай білікті мамандар біздің жобаға нақты қаражат бөлінбесе де ақысыз көмектесіп, басы-қасында жүр.



7-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мәтіннен кинематография саласына қатысты терминдерді тауып, мағынасын ашыңыздар.

Терминдер	Түсіндірмесі
Кинематография	Кинофильмдерді шығару және оны көпшілікке көрсету ісімен шұғылданатын мәдениет саласы.



8-тапсырма. Өзіңізге ұнаған фильмнен алған әсеріңізді жазыңыз.

Керекті сөздер: кинотеатр, фильм, режиссер, актер, сомдау, көкейкесті, көрсетілім, ойландыру, әсерлену, шабыт.